

## Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2009 жылғы 25 маусымдағы N 230 Қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2009 жылғы 17 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 1727 болып енгізілді

Жоғары өрт қаупі бар 4-5 классты кезеңнің басталуына байланысты, «Қазақстан Республикасының Орман кодексі» Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 шілдедегі Кодексінің 15 бабының 11) тармақшасына сәйкес және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабындағы 1 тармағының 9) тармақшасы негізінде Жамбыл облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары өрт қаупі бар кезеңде (үстіміздегі жылдың 20 қыркүйегіне дейін) жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынсын.

2. Аудан әкімдері және «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулының 1 тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі облыс аумағында өртке қарсы атқарылып отырған іс-шаралар жөніндегі ақпаратпен тұрақты түрде ақпарат құралдары өкілдерін қамтамасыз етіп отырсын.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ермек Өмірбайұлы Үсенбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б. Жексембин*